

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

BM6

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
2	Көп бөлмелі динамик	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
	Негізгі құрылғыны шолу	4
3	Дайындау	6
	Қуат көзіне жалғау және құрылғыны қосу	6
4	Ойнату	8
	Жалғыз режимде ойнату	8
	Топ режимінде ойнату	10
	Ойнатуды басқару	12
5	Басқа мүмкіндіктер	13
	Микробағдарламаны жаңарту	13
	Топ күйін қайта орнату	13
6	Өнім туралы ақпарат	14
	Ерекшеліктер	14
7	Ақаулықтарды жою	15
8	Жарық шығаратын диод күйі мағынасын түсініңіз	17
9	Ескерту	19
	Жазбаша ұсыныс	20

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша құралдарды немесе аксессуарларды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Осы динамик IPX4 стандартына сәйкес су өтпейтін етіп жасалған.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіпті заттар (мысалы, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы немесе құрылғы штепселі ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Осы құрылғыны тегіс, қатты және орнықты жерге орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдықтың үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

2 Көп бөлмелі динамика

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Кірістірілген батареясы бар су өтпейтін Philips izzylink динамигімен келесі әрекеттерді орындауға болады:


- музыканы тіпті жолда да Bluetooth қолдайтын құрылғылардан тыңдау;
- izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамиктер тобының (жинақпен бірге берілмейді) көмегімен үйіңіздегі кез келген жерде музыка тыңдау;
- 3,5 мм аудио кабелі арқылы сыртқы аудио құрылғысынан музыканы тыңдау.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- 1 x izzylink көп бөлмелі динамигі
- 1 x қуат адаптері
- Басып шығарылған материалдар

Негізгі құрылғыны шолу



① GROUP түймесі/көрсеткіші


- Басқа бір izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикпен топтастыру үшін басып тұрыңыз.
- Топтан шығару немесе қайтару үшін басыңыз.
- Топтау барысында жасыл түспен жанады.
- Сәтті топтастырудан кейін қанық жасыл түспен жанады.
- Динамик қосымша құрылғы ретінде пайдаланылып, негізгі динамиктен ажыратылған кезде жасыл түспен жанады.

② Сигнал күшінің көрсеткіші

- Топ байланысы сигналының күшін көрсетеді.

③ ϕ түймесі/көрсеткіші

- Динамикті қосу немесе өшіру.
- Зарядталып жатқанда қызыл түспен жанады.



④ +/-

- Дыбыс деңгейін көбейту/азайту үшін сағат тілі бағытымен/сағат тіліне қарсы бұраңыз.
- Динамик дыбысын өшіру/қосу үшін басыңыз.

⑤ ►||

- Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.

⑥ Дыбыс деңгейінің көрсеткіші

- Қуат қосылғаннан кейін жанады.
- Күту режиміне ауысады.
- Динамиктер тобында динамик қосымша құрылғы ретінде пайдаланылғанда жасыл түспен жанады.

⑦ $\otimes$ түймесі/көрсеткіші

- Жұптастыру режимінде көк түспен жанады.

- Bluetooth қолдайтын құрылғымен сәтті қосылғаннан кейін қалың көк түспен жанады.
- Қуатты өшіру/күту режимінде немесе динамиктер тобында динамик қосымша құрылғы ретінде пайдаланылғанда өшеді.
- Ағымдағы Bluetooth байланысынан ажырату үшін үш секунд басып тұрыңыз.
- Жұптау ақпаратын өшіру үшін он секунд басып тұрыңыз.

⑧ AUDIO IN түймесі/көрсеткіші

- Audio In көзіне ауысу.
- Audio In режимінде ақ түспен жанады.

⑨ GROUP RESET

- Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіру үшін ұшты нысанмен басыңыз.

⑩ SOFTWARE UPGRADE ұясы

- Тек динамик бағдарламалық құралын жетілдіруге арналған USB ұясы.

⑪ DC IN ұясы

- Қуат розеткасы.

⑫ AUDIO IN ұясы

- Сыртқы дыбыстық құрылғыға арналған дыбыс кірісі ұясы (3,5 мм).

⑬ Қорғағыш қақпақ

3 Дайындау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____


Сериялық нөмір _____

Қуат көзіне жалғау және құрылғыны қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі динамиктің төменгі жағында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток қуат адаптерін қоспастан бұрын барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



1 Динамиктің артқы жағында қорғағыш қақпақты тартып ашыңыз.

2 Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз

- динамиктің артқы жағындағы **DC IN** ұяшығына және
 - розеткаға.
- ↳ Дыбыс деңгейінің көрсеткіштері жанады.
- ↳ Сигнал күші көрсеткіштері динамикті күшейтпей тұрып бірнеше секунд жанады.
- ↳ Жалғыз режимде немесе алғаш пайдалану кезінде **0** көрсеткіші жана бастайды және динамик жұптастыру режиміне өтеді.
- ↳ Динамик топ режимінде негізгі динамик ретінде пайдаланылған кезде **0** көрсеткіші динамикте соңғы жұптасқан Bluetooth қолдайтын құрылғыны тапқанша жана бастайды.
- ↳ Динамик топ режимінде қосымша құрылғы ретінде пайдаланылған кезде **GROUP** көрсеткіші динамик топтан негізгі динамикті тапқанша жана бастайды.



Кеңес

- Жалғыз режим динамиктер тобында негізгі немесе қосымша динамик ретінде пайдаланылмайтын жалғыз Bluetooth динамигі ретінде қолданылатынын көрсетеді.
- Топ режимі біреуі негізгі динамик, ал қалғандары қосалқы динамиктер ретінде пайдаланылатын бір топтағы бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикті білдіреді.

Күту режиміне ауысу

- Жалғыз режимде Φ түймесін басыңыз.
 - ↳ Дыбыс деңгейі көрсеткіші өшеді.
 - ↳ Барлық басқа көрсеткіштер өшеді.
- Топ режимінде топтағы динамикте Φ түймесін басыңыз.
 - ↳ Топтағы әрбір динамиктегі дыбыс деңгейі көрсеткіші өшеді.
 - ↳ Барлық басқа көрсеткіштер өшеді.
- Жалғыз режимде күту режимінен ауыстыру үшін Φ түймесін қайта басыңыз.
- Топ режимінде барлық динамиктерді күту режимінен ауыстыру үшін топтағы динамикте Φ түймесін басыңыз.

Ішкі батареяны зарядтау үшін:

- Айнымалы ток қуат көзіне жалғаңыз.
 - ↳ Қуат көрсеткіші динамик толығымен зарядталғанша қызыл түспен жанады.



Ескертпе

- Дыбыс деңгейінің көрсеткішін толығымен өшіру үшін Φ түймесін басып тұруыңызға болады.
- Жалғыз режимде Bluetooth байланысы жарамсыз болса немесе музыка ойнату 15 минутқа тоқтатылса, бұл динамик күту режиміне автоматты түрде ауысады.
- Топ режимінде негізгі динамикпен Bluetooth байланысы жарамсыз болса немесе музыканы ойнату 15 минутқа тоқтатылса, топтағы барлық динамиктер күту режиміне автоматты түрде ауысады.

Батарея қуатын пайдалану

Динамик сондай-ақ ішкі зарядталатын батареямен қуаттандырыла алады.



Ескертпе

- Зарядталатын батареяның зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.
- Батареяны толығымен зарядтау шамамен үш сағат алады.

4 Ойнату




Жалғыз режимде ойнату

Жалғыз режим: Жалғыз режим динамиктің ешқандай басқа izzylink функциясымен үйлесімді көк бөлмелі динамиктермен топтастырылмағанын білдіреді. Оның орнына, ол дербес динамик ретінде пайдаланылады.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны қосу

Ескертпе

- Bluetooth қолдайтын құрылғының осы динамикпен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Құрылғыны осы динамикпен жұптамастан бұрын оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Динамик ең көбі 8 жұпталған құрылғыны есте сақтай алады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясының қосылып тұрғанын және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей етіп орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).



- 1 Bluetooth көзіне ауысып, жұптау режиміне өту үшін **0** түймесін басыңыз.
↳ **0** көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Құрылғыда **[Philips BM6 XXX]** көрсетілгенде жұптауды және қосуды бастау үшін оны таңдаңыз. Қажет болса, «0000» әдепкі құпия сөзін енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптап, қосқаннан кейін, динамик екі рет дыбыстық сигнал береді және **0** көрсеткіші тұтас көк түске айналады.

Қосылған Bluetooth қолдайтын құрылғыдан ойнату

Ескертпе

- Кіріс қоңырауы немесе қосылған ұялы телефонда бейнені жазу барысында музыка ойнатылуы уақытша тоқтайды.
- Сәтті Bluetooth байланысынан кейін Bluetooth құрылғысында музыканы ойнатыңыз.
 - ➔ Музыка ағыны Bluetooth құрылғысынан динамикке жіберіледі.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз;
- Динамикте **0** түймесін үш секундтан артық басып тұрыңыз; немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.

Жұптау ақпаратын өшіру:

- Динамикте **0** түймесін он секундтан артық басып тұрыңыз.

Bluetooth қосылған құрылғыны қайта қосу үшін:

- Автоматты қайта қосылу функциясы қосылған жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін бұл динамик оны анықтаған кезде оған қайта қосылады.
- Автоматты қайта қосылу функциясын қолдамайтын жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін оны бұл динамикке қолмен қайта қосыңыз.

Басқа Bluetooth қосылған құрылғыны қосу үшін:

- Ағымдағы құрылғыдағы Bluetooth опциясын өшіріп, көрсеткіш көк түспен жанған кезде басқа құрылғыны қосыңыз.




Кеңес

- Bluetooth қосылу құрылғыны (әсіресе, iOS құрылғысы) динамикке қайта қосу алдында құрылғыдағы бастапқы жұптастыру ақпаратын жоюға болады.

3 индикаторы	Сипаттама
Көк түспен жыпылықтау	Қосылу немесе қосылымды күту
Көк түспен жану	Қосылған

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Динамиктегі **AUDIO IN** ұясы арқылы MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын тыңдауға болады.



- 1 Қорғағыш қақпақты тартып ашыңыз.
- 2 Дыбыс кабелін 3,5 мм қосқышпен екі ұшынан мыналарға жалғаңыз:
 - динамиктегі **AUDIO IN** ұясына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 3 **AUDIO IN** көзіне ауысу үшін **AUDIO IN** түймесін басыңыз.
 - ➔ **AUDIO IN** көрсеткіші ақ түспен жанады.
- 4 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).


Топ режимінде ойнату

Топ режимі: егер бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик болса, топ жасауға және бір уақытта динамиктер тобына ағынмен музыка жіберуге болады.


Осы мүмкіндікті пайдалану үшін бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик сатып алу қажет.

Ескертпе

- Біреуін негізгі және төртеуін қосымша ретінде бес динамикке дейін топ жасауға болады.



Топ жасау



Ескертпе

- Топты жасаған сайын топ функциясы қосылған бірінші динамик негізгі ретінде пайдаланылады.

- 1 Бірінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (негізгі).
- 2 Екінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (бағыныңқы).
- 3 Байланысты орнату үшін 15-30 секунд күтіңіз.
- 4 Қосымша бағыныңқы динамиктерді бір-бірілеп қосу үшін 1-3-қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Тек қосымша динамиктерді бір-бірінен қосуға болады. Қосалқы динамик қосқан сайын, түймедегі көрсеткіш жыпылықтап, динамик дыбыстық белгі бергенше басты динамиктегі **GROUP** түймесін басып тұрыңыз.
- Егер қосымша динамиктегі сигнал күші көрсеткіші нашар күйде көрсетсе, оны негізгі динамикке жақындатыңыз.

Бар топқа келесі динамиктерді қосуға болады немесе олармен жаңа топ жасауға болады:

- Зауыттық әдепкі параметрлерден тұратын динамик
- Қосымша құрылғысыз негізгі динамик
- Басты динамиктен ажыратылған қосалқы динамик (**GROUP** көрсеткіші жыпылықтап тұр)

Bluetooth қолдайтын құрылғыны негізгі динамикке қосып, толық топта ойнату

Ескертпе

- Кіріс қонырауы немесе қосылған ұялы телефонда бейнені жазу барысында музыка ойнатылуы уақытша тоқтайды.


- 1 Егер байланыс негізгі динамикпен алдын ала орнатылмаса, Bluetooth қолдайтын құрылғыны негізгі динамикке жұптастырып қосыңыз.

- 2 Сәтті Bluetooth байланысынан кейін Bluetooth құрылғысында музыканы ойнатыңыз.

↳ Музыка Bluetooth құрылғысынан динамиктердің толық тобына жіберіледі.


Негізгі динамикті ауыстыру

Топтағы ағымдағы негізгі динамикті оңай ауыстыруға болады. Мысалы, ағымдағы негізгі динамикпен Bluetooth байланысы жоғалса, ең жақын қосымша динамикті негізгі ретінде орнатуға болады.



- Топ негізгісі ету үшін бағыныңқы динамикте кез келген түймені басыңыз.
↳ Мобильді құрылғыны жаңа негізгі динамикпен бұрын жұптамаңыз, қазір жұптаңыз.

Жалғыз режимге ауыстыру



- Жалғыз режимге өту үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз.
↳ Бағыныңқы құрылғылар 15 минут ішінде негізгі құрылғыны іздейді.
↳ Бағыныңқы құрылғылармен жаңа топты жасауға болады немесе жалғыз режимге өту үшін **GROUP** түймесін басыңыз.
- Топ режимін жалғастыру үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін қайта басыңыз.
- Жалғыз режимге ауыстыру үшін бағыныңқы құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз.
↳ Динамиктегі **GROUP** көрсеткіші өшіп, **0** көрсеткіші көк түспен жанады.
- Топты қайта қосу үшін **GROUP** түймесін қайта басыңыз.
↳ **GROUP** көрсеткіші қайта жанып, **0** көрсеткіші өшеді.

Ойнатуды басқару



Ескертпе

- Деректерді буферлеуге байланысты Bluetooth құрылғысынан ойнату/уақытша тоқтату немесе дыбыс деңгейін реттеу барысында кейбір кідіріс орын алуы мүмкін.

Динамиктен басқару

- | | |
|-----|---|
| ⏮ | <ul style="list-style-type: none">• Жалғыз режимде динамикті қосады/өшіреді.• Топ режимінде динамиктердің толық тобы қосылады/өшеді. |
| ▶ | <ul style="list-style-type: none">• Жалғыз режимде ағымдағы динамикті ойнатуды уақытша тоқтатады/жалғастырады.• Топ режимінде толық топты ойнатуды уақытша тоқтатады/жалғастырады. |
| +/- | <ul style="list-style-type: none">• Ағымдағы динамиктің дыбыс деңгейін арттыру/төмендету үшін сағат тілі бағытымен/сағат тіліне қарсы бұраңыз. |

Қосылып тұрған Bluetooth құрылғысынан басқару

Bluetooth құрылғысында тікелей басқару құралдарын пайдалануға болады.

5 Басқа мүмкіндіктер

Микробағдарламаны жаңарту


⚠ Абайлаңыз

- Динамикті үнемі микробағдарламаны жаңартуға арналған айнымалы ток көзіне жалғаңыз.
- Микробағдарламаны жетілдіруді аяқтау алдында динамик қуатын өшірмеңіз немесе USB жаппай сақтау құрылғысын ажыратпаңыз.

☰ Ескертпе


- USB флешкасы FAT16/32 пішімделгенін тексеріңіз.

- 1 PC/Mac компьютерінде www.philips.com/support торабына өтіңіз.
- 2 Ең соңғы қол жетімді микробағдарламаны жаңарту файлын табу үшін үлгі нөмірін енгізіңіз.




- 3 Жаңарту файлын (BM6.bin) USB флешкасының түбірлік каталогіне шығарып сақтаңыз.

- 4 Динамиктің айнымалы ток қуатын ажыратыңыз.
- 5 USB флешкасын динамиктің артқы жағындағы USB ұясына жалғаңыз.



- 6 Айнымалы ток қуатын қайта жалғап, динамикті қосыңыз.
- 7 USB флешкасын алып тастамай, микробағдарлама жаңартуын 3-4 минут күтіңіз.
↳ Микробағдарламаны жаңартудан кейін динамиктегі барлық көрсеткіштер бір уақытта жаңады.

Топ күйін қайта орнату



- Топтастыру мәселелері жағдайында динамикті ине сияқты ұшты нысанмен қайта орнатуға болады.
↳ Динамик автоматты түрде қайта жүктеледі.

6 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2X7,5 Вт RMS 1% THD (Адаптер режимі) 2X5 Вт RMS 1%THD (Батарея режимі)
Жиілік жауабы	50 - 20000 Гц
Сигнал-шу арақатынасы	72dBA
Аудио кіріс көзі	500 мВ RMS 20 кОм

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1 + EDR
Bluetooth профайлы	A2DP AVRCP
Ауқымы	10 м (бос орын)

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	2 x 2" толық ауқым драйвері
Сезімталдық	83dB/m/W

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты PHILIPS	Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц Шығыс: 10 В === 2,4 А
Қосылған қуат көзінің үлгісі: GME24A-100240FXR	
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	1,8 Вт
Қуатты үнемдеу күту режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	92 x 200 x 92 мм
Салмағы - Негізгі құрылғы	1,188 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Динамиктің айнымалы ток қуат сымының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Динамикті зарядтаңыз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі сияқты динамик 15 минут әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеу.
- Динамик дыбысы өшірілген-өшірілмегенін тексеріңіз.

Құрылғының кейбір түймелері жұмыс істемейді немесе құрылғы әдеттегідей істемейді.

- Демо режимін кездейсоқ белсендірген болуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайда қуат кабелін ажыратып, Φ түймесін басып тұрыңыз, содан кейін қуат кабелін қайтадан жалғаңыз. Барлық көрсеткіштер жыпылықтап, демо режимінен шыққанша түймені 15 секунд басып тұра беріңіз.

Мәселе шешілмесе, әрекетті қайталаңыз. Одан кейін қуатты қосып, динамикті әдепкі ретінде пайдалануға болады.

Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

Тіпті Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де осы динамикте музыка ойнату мүмкін емес.

- Динамиктің ағымдағы аудио көзі AUDIO IN күйінде екендігін тексеріңіз. 3,5 мм аудио кабелін ажыратыңыз.
- Құрылғыны осы динамик арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth қолдайтын құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы динамикке жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Bluetooth бұл динамикпен байланыс алмайды.

- Бұл құрылғы осы динамикке қажет Bluetooth профильдерін қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл динамик жұптастыру режимінде емес немесе топта қосымша ретінде пайдаланылады. Топ режимінде негізгі динамикпен Bluetooth байланысын ғана орнатуға болады.
- Бұл динамик басқа бір Bluetooth қолдайтын құрылғымен жұптасып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Топ байланысы сәтсіз болды


- Қосымша динамиктерді негізгі динамикке жақын жылжытыңыз.
- Тек қосымша динамиктерді бір-бірден қосуға болады.

- Негізгі динамикпен төрттен артық динамикті топтастыру мүмкін емес.
- Негізгі динамикті жалғыз режимге ауыстыруға болады.

Топтық ойнату кезінде музыка ағынының кейде дарылдауы немесе үзілуі

- Ағынмен берілген музыканың дарылдауы немесе үзілуі орын алса, үйдегі Wi-Fi желісі бос емес болғаны. Izzylink үйдегі Wi-Fi желісінен тәуелсіз болса да, ол динамиктер арасында байланысу үшін Wi-Fi сигналдарын пайдаланады. Келесі әрекеттерді орындап көріңіз: 1) үйдегі Wi-Fi желісінде трафикті азайту, мысалы, Wi-Fi желісіндегі үлкен файлдарды жүктеп алуды немесе басқа мазмұн ағынын тоқтату; 2) негізгі динамикті желіден ажыратып, оны қайта қосу арқылы оны қайта жүктеу.

8 Жарық шығаратын диод күйі мағынасын түсініңіз



(1) Топ индикаторының күйі

Мәні

Өшіру

Динамик өшеді.

Динамик дыбысы жалғыз режимде.

Жасыл болып жыпылықтау

Динамик негізгі/қосымша динамикпен топтастырылады.

Динамик қосымша құрылғы ретінде пайдаланылады және негізгі динамиктен ажыратылады.

Жап-жасыл

Динамик негізгі/қосымша динамикпен топталады.

Динамик қосымша құрылғы ретінде пайдаланылады әрі негізгі динамиктен ажыратылады.

(2) Тасымалдау сапасы индикаторларының күйі

Мәні

Барлық үш индикатор жанады

Топ байланысы сигналының күші өте жақсы.

Екі индикатор жанады

Топ байланысы сигналының күші жақсы.

Тек бір индикатор жанады

Топ байланысы сигналының күші нашар. Қосымша динамиктерді негізгі динамик жанына жылжытыңыз.

Индикатор жанбайды

Динамик өшірулі немесе жалғыз режимде қосулы немесе топ байланысы сәтсіз.

(3) Дыбыс деңгейі индикаторының күйі

Мәні

Өшіру

Динамик өшеді.

Толық ашықтықтағы тұтас ақ түс

Динамик жалғыз режимде қосылады.

Топ режимінде негізгі динамик ретінде пайдалану кезінде динамик қосылады.

Толық ашықтықтағы тұтас жасыл түс

Топ режимінде қосымша динамик ретінде пайдалану кезінде динамик қосылады.

Жартылай ашықтықтағы тұтас ақ түс	Динамик жалғыз режимде күту режиміне ауысады. Топ режимінде негізгі динамик ретінде пайдалану кезінде динамик күту режиміне ауысады.
Жартылай ашықтықтағы тұтас жасыл түс	Топ режимінде қосымша динамик ретінде пайдалану кезінде динамик күту режиміне ауысады.

(4) Bluetooth индикаторының күйі

Мәні

Өшіру	Динамик өшеді. Динамик топ режимінде қосымша динамик ретінде пайдаланылады. Динамик негізгі/қосымша динамикпен топтастырылады.
Көк түспен жыпылықтау	Динамик жұптау режимінде тұр.
Көк түспен жану	Динамик Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылады.

(5) AUDIO IN көрсеткішінің күйі

Мәні

Өшіру	Динамик өшеді. Динамик топ режимінде қосымша динамик ретінде пайдаланылады. Динамик негізгі/қосымша динамикпен топтастырылады.
Аппак	Жалғыз режимде немесе динамик топта негізгі ретінде әрекет еткенде, динамиктің ағымдағы көзі AUDIO IN болады.

CEI588

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.




Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдардың қалдықтарын жинау жөніндегі жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдарды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсерлердің алдын алуға көмектеседі.



Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

Жазбаша ұсыныс

Gibson Innovations Limited компаниясы осы құжатпен өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар бумаларының сәйкес бастапқы кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады. Бұл ұсыныс бұйымды сатып алғаннан кейін үш жылға дейін жарамды. Бастапқы кодты алу үшін open.source-gi@gibson.com мекенжайына хабарласыңыз. Егер электрондық поштаны пайдаланбауды жөн көрсеңіз немесе осы электрондық пошта мекенжайына хабар жібергеннен кейін растау хабарын алмасаңыз, мына мекенжайға жазыңыз: Open Source Team, Gibson Innovations Limited, 5/F Philips Electronics Building, 5 Science Park East Avenue, Hong Kong Science Park, Shatin, N.T. Hong Kong.



2016 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license.

BM6_10_UM_V2.0

